



ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

29.12.2021ж

Сарыағаш қаласы

№ 41-10/18

город Сарыағаш

«Сарыағаш аудандық мәслихат
аппараты» мемлекеттік мекемесінің
2022-2024 жылдарға арналған
бюджеттік бағдарламасын
бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 32 бабына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің «Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Бюджеттік бағдарламалады (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, Сарыағаш аудандық мәслихатының 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 16 -115- VII «2022-2024 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» шешімін қарап **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. «Сарыағаш аудандық мәслихат аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2022-2024 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламасы осы өкімнің №1 қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Бекітілген бюджеттік бағдарламаның жобасын Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығында көзделген мерзімде бюджеттік бағдарлама әкімшісінің веб-сайтына орналастыруын қамтамасыз ету аудандық мәслихат аппаратының ұйымдастыру-құқық бөлімшесінің бас маман-есепшісі Б.Аққуловаға жүктелсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Аудандық мәслихат
хатшысы

С.Таскулов



«Келісілді»
Ауданның экономика және
қаржы бөлім басшысы
Ғ.Мейманбаев

Аппарат басшысы
Бас маман заңгер
Орындаушы

0000371